

**«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫ, КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК  
ҚОҒАМЫНЫҢ НҰР-СҮЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША  
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МУЛІККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ  
ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ  
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН  
ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

**2010 ж. « 22 » маусым  
БСН 980240 003 251  
№ 9480-1301-НАО-МК-03  
Бастапқы тіркелген күні  
16.9.98 ж. « 02 » айдан**



Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
Мемлекеттік мүлік және  
жекешелендіру комитеті Төрағасының  
2020 жылғы «15» ақпай  
№ 122 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі  
Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін  
бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды  
сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы  
республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғысына  
өзгерістер мен толықтыру**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2019 жылғы 7 маусымдағы № 604 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жарғысының (бұдан әрі - Жарғы) 1-тaraуында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Бауыржан Момышұлы даңғылы, 2/3-ғимарат.».

2. Жарғының 3-тaraуында 17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«17. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не Кәсіпорынның Бас директорының - Басқарма Төрағасының жарғылық құзыretін бұза отырып жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органының не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.».

3. Жарғының 4-taraуында:

19-тармақта:

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«10) Кәсіпорын Бас директорының - Басқарма Төрағасының ұсынымы бойынша оның орынбасарларын қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;»;

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«12) Кәсіпорын Бас директорының - Басқарма Төрағасының, оның орынбасарларының және бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;»;

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның Бас директорымен - Басқарма Төрағасымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.».

4. Жарғының 5-тарауында:

23-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Басқарманы Бас директор - Басқарма Төрағасы басқарады.»;

мынадай мазмұндағы 23-1-тармақпен толықтырылсын:

«23-1. Басқарманың құзыретіне мыналар:

1) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, тиісті саласының уәкілетті органының және Байқау кеңесінің шешімдерін жүзеге асыру;

2) Байқау кеңесінің қарауына шығарылған мәселелерді алдын ала қарау;

3) Кәсіпорынның даму жоспарын іске асыруды, даму жоспарының орындалуы туралы есеп жобасын Байқау кеңесінің келісіміне шығаруды қамтамасыз ету;

4) Кәсіпорын немесе қызметтік, коммерциялық немесе өзге заңмен қорғалатын құпияны қамтитын оның қызметі туралы ақпаратты қорғау және сақтау қағидаларын бекіту;

5) Байқау кеңесі бекіткен сыйыптауышқа сәйкес Кәсіпорын қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекіту;

6) Кәсіпорын қызметкерлерінің (Басқарма мүшелерін, Ішкі аудит қызметін, Бас бухгалтерді, Байқау кеңесінің хатшысын қоспағанда) еңбек ақысын төлеу және лауазымдық жалақыларының мөлшерлері туралы қағидаларды бекіту;

7) Байқау кеңесі бекіткен ұйымдық құрылым мен штаттық құрамды есепке ала отырып, Кәсіпорынның, филиалдардың және өкілдіктердің штаттық кестесін бекіту;

8) тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімін алғаннан кейін дебиторлық берешекті есептен шығару туралы шешімдер қабылдау;

9) Кәсіпорын Жарғысына және Мемлекеттік мүлік туралы заңға сәйкес уәкілетті органдар қажетті келісу рәсімдерінен өткеннен кейін Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерін құру туралы шешімді қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

10) Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін Байқау кеңесіне бекітүгө ұсыну үшін қарау және алдын ала бекіту;

11) Кәсіпорынның басқа органдарының құзыретіне кірмейтін Кәсіпорын қызметінің өзге де мәселелері жөнінде шешімдер қабылдау жатады.»;

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Тиісті саланың уәкілетті органы Бас директорды - Басқарма Төрағасын және Басқарманың мүшелерін байқау кеңесінің келісімі бойынша лауазымға тағайындауды және оның алдын ала келісімі бойынша лауазымынан босатады.

Бас директорды - Басқарма Төрағасын және Басқарманың мүшесін сайлау, тағайындау, аттестаттаудан өткізу Меммүлік туралы Заңның 139-бабының 3-тармағында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Бас директормен - Басқарма Төрағасымен және Басқарманың мүшелерімен жасалатын еңбек шартына тиісті саланың уәкілетті органы қол сояды.»;

25-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Бас директор - Басқарма Төрағасы:»;

26-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Бас директор - Басқарма Төрағасы және Басқарманың мүшелері атқарушы орган басшысының не басқа занды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамның лауазымын атқаруға үккүліс емес.».

5. Жарғының 6-тарауының 27-тармағында:

5 және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Кәсіпорынның Бас директорын - Басқарма Төрағасын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша тиісті саланың уәкілетті органының ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде Кәсіпорын Бас директорының - Басқарма Төрағасының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларына ұстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;»;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«11) Байқау кеңесі бекітетін сыныптауышқа сәйкес Кәсіпорынның ішкі қызметтің реттейтін құжаттарды бекітеді;»;


15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«15) Кәсіпорынның ұйымдық құрылымын және Кәсіпорынның штат санын бекітеді;».

6. Жарғының 13-тарауының 61-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«61. Кәсіпорын Бас директорының - Басқарма Төрағасының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.».

Уәкілетті тұлға А. Нуртаев



Утверждены  
приказом Председателя  
Комитета государственного  
имущества и приватизации  
Министерства финансов  
Республики Казахстан  
от «15 » август 2020 года  
№ 122

**Изменения и дополнение в устав**  
**Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного**  
**ведения «Национальный центр экспертизы лекарственных средств и**  
**медицинских изделий» Комитета контроля качества и безопасности**  
**товаров и услуг Министерства здравоохранения Республики Казахстан**

1. В главе 1 устава Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Национальный центр экспертизы лекарственных средств и медицинских изделий» Комитета контроля качества и безопасности товаров и услуг Министерства здравоохранения Республики Казахстан, утвержденного приказом Председателя Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан от 7 июня 2019 года № 604 (далее - Устав):

пункт 7 изложить в следующей редакции:

«7. Место нахождения Предприятия: Республика Казахстан, 010000, город Нур-Султан, район Алматы, проспект Бауыржан Момышулы, здание /3.».

2. В главе 3 Устава пункт 17 изложить в следующей редакции:

«17. Сделка, совершенная Предприятием в противоречии с целями деятельности, определенно ограниченными законами Республики Казахстан или учредительными документами, либо с нарушением уставной компетенции Генерального директора - Председателя Правления Предприятия, может быть признана недействительной по иску уполномоченного органа соответствующей трасли или уполномоченного органа по государственному имуществу, либо прокурора.».

3. В главе 4 Устава:

в пункте 19:

подпункт 10) изложить в следующей редакции:

«10) назначает на должность и освобождает от должности по представлению Генерального директора - Председателя Правления Предприятия его заместителей;»;

подпункт 12) изложить в следующей редакции:

«12) устанавливает размеры должностных окладов Генерального директора - Председателя Правления Предприятия, его заместителей и главного бухгалтера, систему их премирования и иного вознаграждения;»;

пункт 21 изложить в следующей редакции:

«21. Уполномоченный орган соответствующей отрасли оформляет трудовые отношения с Генеральным директором - Председателем Правления Предприятия, посредством заключения трудового договора, в соответствии с трудовым кодексом Республики Казахстан.».

4. В главе 5 Устава:

абзац второй пункта 23 изложить в следующей редакции:

«Правление возглавляет Генеральный директор - Председатель Правления.»;

дополнить пунктом 23-1 следующего содержания:

«23-1. К компетенции Правления относится:

1) реализация решений уполномоченного органа по государственному имуществу, уполномоченного органа соответствующей отрасли и Наблюдательного совета;

2) предварительное рассмотрение вопросов, выносимых на рассмотрение Наблюдательного совета;

3) обеспечение реализации плана развития Предприятия, вынесения на одглование Наблюдательного совета проекта отчета о выполнении плана развития;

4) утверждение правил защиты и сохранности информации о Предприятии или его деятельности, составляющих служебную, коммерческую ли иную охраняемую законом тайну;

5) утверждение документов, принимаемых в целях организации деятельности Предприятия, в соответствии с классификатором, утверждаемым Наблюдательным советом;

6) утверждение правил об оплате труда и размеров должностных окладов работников Предприятия (за исключением членов Правления, Службы внутреннего аудита, Главного бухгалтера, секретаря Наблюдательного совета);

7) утверждение штатного расписания Предприятия, филиалов и представительств с учетом утвержденной Наблюдательным советом организационной структуры и штатной численности;

8) принятие решения о списании дебиторской задолженности после получения письменного согласия уполномоченного органа по государственному имуществу по представлению уполномоченного органа соответствующей отрасли;

9) принятие решения о создании филиалов, представительств предприятия после прохождения необходимых процедур согласования уполномоченных органов в соответствии с Уставом Предприятия и Законом о имуществе и утверждение положений о них;

10) рассмотрение и вынесение на предварительное утверждение Наблюдательным советом годовой финансовой отчетности Предприятия;

11) принятие решений по иным вопросам деятельности Предприятия, не относящимся к компетенции других органов Предприятия.»;

пункт 24 изложить в следующей редакции:

«24. Генеральный директор - Председатель Правления и члены Правления назначаются на должность по согласованию наблюдательного совета и по его предварительному согласованию освобождаются от должности полномоченным органом соответствующей отрасли.

Избрание, назначение, проведение аттестации Генерального директора - председателя Правления и члена Правления проводятся в порядке, установленном пунктом 3 статьи 139 Закона о госимуществе.

Трудовой договор с Генеральным директором - Председателем Правления и членами Правления подписывается уполномоченным органом соответствующей отрасли.»;

абзац первый пункта 25 изложить в следующей редакции:

«25. Генеральный директор - Председатель Правления:»;

абзац второй пункта 26 изложить в следующей редакции:

«Генеральный директор - Председатель Правления и члены Правления не вправе занимать должность руководителя исполнительного органа либо лица, иначе осуществляющего функции исполнительного органа другого юридического лица.».

5. В главе 6 Устава в пункте 27:

подпункты 5 и 6 изложить в следующей редакции:

«5) согласовывает предложения уполномоченного органа соответствующей отрасли по вопросам назначения Генерального директора - председателя Правления Предприятия и расторжения трудового договора с ним;

6) участвует в разработке коллективного договора и принимает решения в части установления Генеральному директору - Председателю Правления предприятия, его заместителям, главному бухгалтеру надбавок к должностным окладам, премирования и оказания материальной помощи из дополнительных финансовых источников в пределах средств, утвержденных планом развития;»;

подpunkt 11 изложить в следующей редакции:

«11) утверждает документы, регулирующие внутреннюю деятельность предприятия в соответствии с классификатором, утверждаемым наблюдательным советом;»;

подpunkt 15 изложить в следующей редакции:

«15) утверждает организационную структуру Предприятия и штатную численность Предприятия;».

6. Пункт 61 главы 13 Устава изложить в следующей редакции:

«61. Размеры должностных окладов Генерального директора - председателя Правления Предприятия, его заместителей, главного бухгалтера, система их премирования и иного вознаграждения устанавливаются уполномоченным органом соответствующей отрасли.».

Уполномоченное лицо А. Нуртаев

«АЗАМАТТАРГА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК  
ҚОҒАМЫНЫҢ НҮР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША  
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТАЫН МУЛПККЕ ҚҰҚЫҚТЫРДЫ  
ЖӘНЕ ЗАНДЫ ТҮЛГАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ

НӨМІРЛЕНГЕН, ТІГІЛГЕН ЖӘНЕ БЕКІТІЛГЕН

Барлығы 6 (алтын) парап

2020 ж. 22 маусым

